А—Конус тәрізді істік (2 пайдаланылады)

көтеріңіз немесе төмендетіңіз). Құралды екі төменгі нүктеде екі тікбұрышты, конус тәрізді істіктермен (А) бекітіңіз.

ЕСКЕРТУ: Егер кесу басы егін ору құралынсыз төмендемесе, егін орғышының механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз.

Келесі бетте жалғасады

OUO6085,0000158 -KK-29OCT04-1/4

E26976—UN—07NOV89

3. Тұғыр тіректерінен салмақты алу үшін кесу басын сәл көтеріңіз. Тұғыр тіректерін сақтау орнына қойыңыз.

! САҚ БОЛЫҢЫЗ: Істіктердің орныққандығын және тіректердің бекітілгендігін тексеріңіз.

4. Екі жоғарғы бекіту нүктелері тураланғанша кесу басын төмендетіңіз. Екі конус тәрізді істікпен (А) және серіппелі құлыптанатын істікпен бекітіңіз.

МАҢЫЗДЫ: 4720 егін орғышынан қатар жыртушысын алмастан бұрын, кесу басын толығымен көтеру және қалқу серіппесінің қысқыш болтын босату арқылы қалқу серіппесінің күшін босатыңыз. (4720 егін орғышының механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз.)



А—Конус тәрізді істік (2 пайдаланылады)

E26977 —UN—07NOV89


OUO6085,0000158 -KK-29OCT04-2/4

5. Сырғу муфтасының қалқанын алыңыз. Егін ору құралының жетек шынжырын (А) жұлдызшалардың (В) айналасына іліңіз. Шынжыр шкивтің (С) үстінен өтуі тиіс.
6. Шкив болтын босатып, шкивті (С) туралаңыз; шынжырды жалғаңыз және шкив төменгі тарауда 1/4 - 1 дюйм (6 - 25 мм) “еркін қозғалыс” беретіндей етіп баптаңыз.

! САҚ БОЛЫҢЫЗ: Шкивтің шынжыр жабыны және муфта қалқаны алынған егін орғышымен ЖҰМЫС ІСТЕМЕҢІЗ.

А—Жетек шынжыры
В—Жұлдызша

С—Шкив



E22735 —UN—03AUG89

OUO6085,0000158 -KK-29OCT04-3/4

7. Егер ROW-TRAK бағыттауы орнатылған болса, қатар жыртушысы сымын егін орғышындағы қосқышқа (А) жалғаңыз.

А—Қосқыш



E23484 —UN—04AUG89

OUO6085,0000158 -KK-29OCT04-4/4

Қатар жыртушысын тіркегеннен кейін

Келесіні орындау үшін егін орғышының механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз:

- Егін орғышының төменгі шектегішін баптау
- Егін орғышының тастау жылдамдығын баптау

- Артқы доңғалақ аралығы
- Алдыңғы доңғалақ аралығы
- Доңғалақтар, шиналар және балласт
- Балласт салмақ жәшіктері
- Алдыңғы серіппені орнату

OUO6085,0000159 -KK-29OCT04-1/1

Қатар жыртушысын егін орғышынан ажырату


Қатар жыртушысын ажырату үшін тіркеу қадамдарын кері ретпен орындаңыз.

OUO6085,000015A -KK-27OCT03-1/1

Өзі жүретін егін орғыштары

1. Егін орғышының тежеуіш тепкілерін бірге қосыңыз (А).
2. Егін орғышының ескерту шамдарын қосыңыз.
3. Қатар жыртушысын ең жоғары күйге көтеріңіз.

А—Тіркеу




E19376 —UN—02MAR99

OUC06059,00013FF -KK-07SEP01-1/1


Тіркемелі егін орғыштары (3940, 3950, 3960, 3970, 3955 және 3975)

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Егер егін орғыш гидравликалық тілді орналастыру құралымен жабдықталған болса, жолда тасымалдау барысында тілді тасымалдау күйінде ұстау үшін істікті (А) механикалық фиксатор ретінде қолданыңыз.

ЕСКЕРТУ: Гидравликалық тілді орналастыру құралысыз, егін орғышының оң жақ доңғалағының артына тіреу қою және тракторды оң жаққа қарай артқа жүргізу арқылы тілді шеткі оң жақ күйіне орнатыңыз. Тілді трактормен жылжытудың алдында тілді бекітетін істіктің (А) алынғандығын немесе ажыратылғандығын тексеріңіз, болмаса, егін орғышының негізгі жақтауы және тілі зақымдалуы мүмкін.



3940 егін орғышы



3950, 3960 және 3970 егін орғыштары

E23078 —UN—04AUG89

E23584 —UN—28MAR01

Келесі бетте жалғасады


OUC06085,000015B -KK-10MAR09-1/2

1. Егін ору құралын шеткі жоғарғы күйге көтеріңіз.
2. Иіңтірек тіреуішін ары қарай айналдырыңыз және иіңтірек тіреуіші құлыпталған күйге (А) орнатылмағанша тұтқаны (В) басыңыз.

МАҢЫЗДЫ: Машинаны басқарудың алдында егін ору құралын шеткі жоғарғы күйге көтеріңіз және тұтқаны құлпы ашылған күйге (С) жылжытыңыз.

А—Құлыпталған
В—Тұтқа

С—Құлпы ашылған



E52919 —UN—06NOV03


E52920 —UN—06NOV03

OUO6085,000015B -KK-10MAR09-2/2

4720 тіркемелі егін орғыштары

1. Тілді бұру цилиндрін толығымен ұзартыңыз және серіппелі құлыптау істігі (А) мен құлыптау істігін (В) алыңыз.

А—Істік




E24027 —UN—16AUG89

OUO6085,000015C -KK-01NOV04-1/3

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Цилиндр мен құлыптауды көліктің минималды өні үшін ұсынылған орынға жылжытыңыз. ("Тілді бұру орны" мақаласын қараңыз.)

2. Цилиндрдің құлыптауын (А) орнына жылжытыңыз және істік пен серіппелі құлыптау істігін орнатыңыз.

А—Құлыптану



E24028 —UN—23AUG89


Келесі бетте жалғасады

OUO6085,000015C -KK-01NOV04-2/3

3. Кесу басын шеткі жоғарғы күйге көтеріңіз.
4. Басын тасымалдау үшін құлыптанған күйде ұстау үшін иінтіректі (А) ішке қарай басу арқылы цилиндр құлыптануын орнатыңыз.

МАҢЫЗДЫ: Машинаны басқармастан бұрын кесу басын босату үшін құлыптау иінтірегін тартыңыз.

А—Иінтірек



E49424 —UN—11JUN01

OUC6085,000015C -KK-01NOV04-3/3

Қатар жыртушысын басқару

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Қызмет көрсету, баптау немесе өзі жүретін егін орғышына тіркелген қатар жыртушысынан материалды алудың алдында:

1. Негізгі және беріліс ролигі муфтасының иінтіректерін ажыратыңыз.
2. Моторды өшіріп, барлық қозғалатын бөліктер тоқтағанша КҮТІҢІЗ.

Қызмет көрсету, баптау немесе тіркемелі егін орғышына тіркелген қатар жыртушысынан материалды алудың алдында:

1. Трактордың моторын өшіріп, барлық қозғалатын бөліктер тоқтағанша КҮТІҢІЗ.
2. ҚБЖ трансмиссиясын ажыратыңыз.

OUC6059,0001400 -KK-07SEP01-1/1

Пышақ биіктігін баптау

Тасты алқаптарда немесе дән үйілген алқаптарда жұмыс істеген кезде бөгеттерді тазалау үшін қатар жыртушысын көтеріңіз. Пышақтың дұрыс кесу биіктігін сақтау барысында жинауыш нүктелері түскен сабақтарды көтеріп алу үшін төмендетілуі мүмкін.

Орынды биіктігін сақтауға көмектесу үшін құралдың төменгі шектегішін баптаңыз. Егін орғышының механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз.

ЕСКЕРТУ: Қатар жыртушысы жерді өлшеу құралы болып табылмайды және көтеру жүйесінде тасымалдануы тиіс.

E03,3970I,CA1 -KK-30AUG95-1/1

Жинауыш нүктесінің биіктігін баптау

Көп жағдайлар үшін жинауыш нүктелерінің алдын жерге сәл тиіп жүргізіңіз. Бұлыңғыр жағдайларда немесе қардың үстінде ашпа саңылауында материалдың жиналуын және машинаның бітелуін болдырмау үшін нүктелерді қажетінше жоғары баптаңыз.

1. Сыртқы нүктеден бастап серіппелі істікті (А) алыңыз және қалаған биіктікке баптаңыз. Серіппелі құлыптау істігін (А) қайта орнатыңыз.
2. Қалған нүктелерді сыртқы нүктелермен теңестіріңіз.



E22739 —UN—03AUG89

OUC1011,0005111 -KK-11JUL01-1/1

Жинауыш нүктесінің биіктігін баптау (ROW-TRAK бар) (Солтүстік Америка)

Көп жағдайлар үшін жинауыш нүктелерінің алдын жерге сәл тиіп жүргізіңіз. Бұлыңғыр жағдайларда немесе қардың үстінде ашпа саңылауында материалдың жиналуын және машинаның бітелуін болдырмау үшін нүктелерді қажетінше жоғары баптаңыз.


1. ROW-TRAK нүктелерінің биіктігінің болмашы баптаулары квадрат болттарды (А) босату және кронштейнді (В) қалаған биіктікке сырғыту арқылы жасауға болады.

ЕСКЕРТУ: Орнату кронштейндеріндегі қосымша саңылаулар (С) басқа алқап жағдайларына мүмкіндік береді.

2. Қалған сыртқы нүктелерді теңестіріңіз.

А—Болттар
В—Нүкте

С—Тесіктер



E26997 —UN—07NOV89


OUC6085,000015E -KK-29OCT03-1/1

ROW-TRAK датчигінің түтігін баптау

1. Үш асты квадрат болтты (D) босатыңыз.
2. Түтікті (А) нүкте (В) мен кронштейн (С) арасына орналастырыңыз. Болттарды (D) мықтап бекемдеңіз.

А—Датчик түтігі
В—Нүкте

С—Кронштейн
D—Асты квадрат болттар




E26907 —UN—07NOV89

OUC6085,000015F -KK-29OCT03-1/1

Тілдің шектеу болтын пайдалану (Үш қатар) (3950, 3955, 3960, 3970 және 3975 орғыштары)

1. Үш қатарлы қатар жыртушыларын пайдаланған кезде ұзын тілмен жабдықталған орғыштарда тілді шектеу болтын (А), қабатты (В) және құлыптау гайкасын (С) пайдаланыңыз.
2. Екі орын 30 дюймдік жіңішке (D) немесе 38 дюймдік жалпақ (Е) қатарлармен жұмыс істеу үшін берілген.
3. Пайдаланылмаған кезде шектеу болты, қабат және гайка көрсетілгендей сақтау орнында (F) сақталуы қажет.



А—Шектеу болты
В—Қабат
С—Құлыптау гайкасы

Д—Жіңішке қатар орны
Е—Жалпақ қатар орны
F—Сақтау орны

OUO6085,0000160 -KK-29OCT03-1/1

E23579 —UN—22AUG89

Тілді бұру орнын таңдау (4720 орғышы)


Пайдаланылатын егін ору құралы цилиндрді қай саңылауға бекітуін анықтайды. Дұрыс саңылау минималды тасымалдау енін қамтамасыз етеді және тіл тасымалдау күйіне жылжытылған кезде егін ору құралына тиюін болдырмайды

1. Үш қатарлы жіңішке қатар жыртушысы үшін цилиндрді (А) саңылауына орналастырыңыз.
2. Үш қатарлы жалпақ қатар жыртушысы үшін цилиндрді (В) саңылауына орналастырыңыз.

ЕСКЕРТУ: Барлық егін ору құралдары үшін саңылау (С) ROW-TRAK бағыттауына ең үлкен жұмыс істеу ауқымын қамтамасыз етеді. Жолда тасымалдаудың алдында дұрыс орынға оралыңыз.

А—Саңылау (Үш қатарлы жіңішке қатар жыртушысы)
В—Саңылау (Үш қатарлы жалпақ қатар жыртушысы)

С—Саңылау (ROW-TRAK бағыттауы)




Келесі бетте жалғасады

OUO6085,0000161 -KK-29OCT03-1/2

E27001 —UN—07NOV89

3. Цилиндрді тиісті саңылауға орналастырыңыз және істік (A), шайбалар және жылдам құлыптау істігімен (B) бекітіңіз.
4. Тасымалдау үшін пайдаланылатын цилиндр құлыптауын (C) жұмыс күйіне орналастырыңыз. Істікпен (D) және серіппелі құлыптау істігімен бекітіңіз.

A—Істік
B—Жылдам құлыптау істігі
C—Цилиндр құлыптауы
D—Істік



OUC6085,0000161 -KK-29OCT03-2/2

E24017 —UN—16AUG89

ROW-TRAK бағыттауын басқару (Тіркемелі егін орғыштары)

1. Басқару пультіінде ROW-TRAK қосқышын (A) “қосыңыз”. Бұл қатар жыртушысын қатарларда орталанған күйде сақтайтын қатар жыртушысы датчиктерін белсендіреді.
2. ROW-TRAK бағыттауын қолмен түзету үшін қосқышты (B) кез келген уақытта белсендіруге болады.
3. Автоматты түрде ROW-TRAK бағыттау жүйесіне оралу үшін қосқышты (B) босатыңыз.

A—Қосқыш (Қосу/Өшіру)
B—Қосқыш (Қолмен түзету)



OUC6085,0000162 -KK-29OCT03-1/1

E23621 —UN—03AUG89

ROW-TRAK бағыттауын БАСҚАРМАЙ жағдайлары (Тіркемелі егін орғыштары)

Арамшөп көп өскен алқаптарда немесе өздігінен өскен егін көп алқаптар сияқты жағдайларда ROW-TRAK датчиктері қатар жыртушысын тұрақты түрде қатардан тыс бағыттауы мүмкін. Осындай нақты жағдайларда ROW-TRAK бағыттау жүйесін өшіру қажет болуы мүмкін.

1. Басқару пультіінде ROW-TRAK қосқышын (A) “өшіріңіз”.
2. Қатарларда қатар жыртушысын туралау үшін қосқышты (B) пайдаланыңыз.

A—Қосқыш (Қосу/Өшіру)
B—Қосқыш (Қолмен түзету)



OUC6085,0000163 -KK-29OCT03-1/1

E23622 —UN—03AUG89

ROW-TRAK бағыттауының функционалды тексерісі (Тіркемелі егін орғыштары)

ЕСКЕРТУ: Қатар жыртушы құралы егін орғышына тіркелуі қажет.

1. Трактор моторын іске қосыңыз. ҚБЖ іске ҚОСПАҢЫЗ.
2. Тілдің басқару пультінде көрсетілген бағытта жылжитындығын тексеру үшін тіл қосқышын (А) белсендіріңіз.
3. Қатар бағыттау қосқышын (В) қосыңыз.

А—Қосқыш (Қосу/Өшіру)

В—Қосқыш (Қолмен түзету)



E23731 —UN—23AUG89


OUC6085,0000164 -KK-01NOV04-1/2

! САҚ БОЛЫҢЫЗ: Датчиктерді белсендіру үшін қатар жыртушысының артында тұрып, таяқты қолданыңыз.

4. Бір нүктедегі қатар датчигін (А) белсендіріңіз. Қатар жыртушысы оңға қарай жылжуы тиіс.
5. Бір нүктедегі сол жақ қатар датчигін (В) белсендіріңіз. Қатар жыртушысы солға қарай жылжуы тиіс.
6. Екі қатар датчигі бір уақытта белсендірілген кезде қатар жыртушысы жылжымауы тиіс.

А—Қатар датчигі (Оң жақ)

В—Қатар датчигі (Сол жақ)



E26980 —UN—07NOV89

OUC6085,0000164 -KK-01NOV04-2/2


ROW-TRAK қолмен түзету мүмкіндігін тексеру (Тіркемелі егін орғыштары)

ЕСКЕРТУ: Қолмен түзету мүмкіндігін тексеру барысында екі адам қажет болады.

1. Бір адам бір нүктедегі қатар датчигін (А) белсендіруі қажет. Сол уақытта басқа адам тракторда тілді орналастыру құралының қосқышын солға қарай белсендіруі қажет. Қосқыш қатар датчигін қолмен түзетеді және қатар жыртушысы солға қарай жылжуы тиіс.

! САҚ БОЛЫҢЫЗ: Датчиктерді белсендіру үшін қатар жыртушысының артында тұрып, таяқты қолданыңыз.

2. Бір адам нүктедегі сол жақ қатар датчигін (В) белсендіруі қажет. Сол уақытта басқа адам тракторда тілді орналастыру құралының қосқышын оңға қарай белсендіруі қажет. Қосқыш қатар



А—Қатар датчигі (Оң жақ)

В—Қатар датчигі (Сол жақ)

датчигін қолмен түзетеді және қатар жыртушысы оңға қарай жылжуы тиіс.


E26980 —UN—07NOV89

OUC6085,0000165 -KK-29OCT03-1/1

ROW-TRAK датчигін құлыптау (Тіркемелі егін орғыштары)

Анық қатарлар болмаған кезде ROW-TRAK бағыттауын құлыптау қажет болуы мүмкін.

1. Істікті сақтау орнынан (A) алыңыз.
2. Түтікті (B) ішке қарай тартыңыз.
3. Істікті (C) қондырғыдағы науа арқылы саңылауға енгізіңіз. (Серіппелі ісікпен бекітіңіз.) Датчик өшіріледі.
4. Басқару пультіңде ROW-TRAK бағыттау қосқышын өшіріңіз.



E26981 — UN—07NOV89

A—Істік
B—Түтік

C—Істік

OJ06085,0000166 -KK-29OCT03-1/1

Тіркемелер

Егін ору құралының жылдамдықты арттыру жұлдызшасы (3940, 3950, 3955, 3960, 3970 және 3975 орғыштары)


Жетек жұлдызшасы механик жүргізушіге нақты жеңіл дән шарттарында егін ору құралының жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді.

OUO6085,0000168 -KK-29OCT03-1/1

Алдыңғы доңғалақ қабаттары (Өзі жүретін егін орғыштары)

Қатар дәндерін жинаған кезде доңғалақтардың арасында тиісті аралық қалдыру үшін 2 дюйм (51 мм), 4 дюйм (102 мм) және 8 дюйм (203 мм) доңғалақ қабаттары қол жетімді.

ЕСКЕРТУ: 8 дюймдік (203 мм) қабаттарды екі 4 дюймдік (102 мм) қабаттарды пайдалану арқылы алуға болады. Өздігінен айналатын егін орғышының механик-жүргізуші нұсқаулығындағы "Доңғалақтар және балласт" бөлімінің "Алдыңғы доңғалақ аралығы" мақаласын қараңыз.




E26982 —UN—07NOV89

OUO1011,000511A -KK-29OCT03-1/1

Оқпан ұзартқыштары (Тіркемелі егін орғыштары)

Шапқыш құралы немесе қатар жыртушы құралдарымен пайдалану ұсынылады. Ұзартқыштар 6 немесе 13 дюйм (152,4 от 330,2 мм) ұзындықтармен қол жетімді. (Осы нұсқаулықтың "Тіркеу және ажырату" бөліміндегі ОҚПАН ҰЗАРТҚЫШТАРЫН ТАҢДАУ мақаласын қараңыз.) Ұзартқыштарға тапсырыс беру үшін John Deere дилеріне хабарласыңыз.




E53374 —UN—28JUN04

OUO6085,0000169 -KK-06JUL04-1/1

Трактор оқпанының қорғауышы

3950, 3960, 3970 және 4720 орғыштарында Үш қатарлы жіңішке немесе жалпақ қатар жыртушысын пайдаланған кезде оқпан ұзындығы 98 дюймнан (2489 мм) аспайтын тіркелмеген тракторлар үшін ұсынылады.

ЕСКЕРТУ: Оқпан қорғауышы кейбір тракторлар үшін аралықпен реттелуі немесе ұзартылуы қажет болуы мүмкін.



E22880 —UN—04AUG89


OUO6085,000016A -KK-01NOV04-1/1

ROW-TRAK бағыттауы (3950, 3970 және 4720 орғыштары)

Алқап өнімділігін арттыру үшін қатар жыртушысын бұрылыс және қатарларда бұрылыс және контур арқылы орталанған күйде сақтайды.

Тіркелген тракторлар үшін тиімді (3950 үшін 150 ат күші немесе одан аз; 3970 үшін 190 ат күші немесе одан аз; 4720 үшін 300 ат күші немесе одан аз)

3950 және 3970 машиналарында ROW-TRAK бағыттауы үшін сондай-ақ гидравликалық тілді орналастыру құралы орнатылуы тиіс.




E26983 —UN—07NOV89

OUO6085,000016B -KK-29OCT03-1/1

Мойын толтырғыштары (Үш қатарлы / 3950 орғышы)

Тиісті түрде беру үшін мойын толтырғыштары (A) қажет.

A—Мойын толтырғыштары




E26974 —UN—07NOV89

OUO6085,000016C -KK-29OCT03-1/1

Дән бағыттағыштары (Үш қатарлы / 3950 орғышы)

Сабақтарды 3950 машинасының беру роликтеріне бағыттау үшін дән бағыттауыштары қажет.



E26982 —UN—07NOV89

OUO6085,000016D -KK-29OCT03-1/1

Майлау таңбаларын бақылау

 John Deere EP Moly немесе баламалы SAE көп мақсатты майымен (басқасы анықталмаған болса) таңбаларда көрсетілген сағаттар аралығында майлаңыз.

 SAE 30 немесе одан ауыр маймен таңбаларда көрсетілген сағаттар аралығында майлаңыз.

 Кезеңді түрде John Deere EP Moly немесе баламалы SAE көп мақсатты майымен тазалаңыз.

OUO1011,0005163 -KK-12JUL01-1/1

Майлау және техникалық қызмет көрсетуді орындау

 **САҚ БОЛЫҢЫЗ:** Қозғалыста болғанда машинаңызды тазаламаңыз, майламаңыз немесе баптамаңыз.

МАҢЫЗДЫ: Ұсынылған аралықтар қалыпты жағдайларға негізделген; қатаң немесе әдеттен тыс жағдайлар жиірек майлауды немесе майды ауыстыруды қажет етуі мүмкін.

Осы бөлімде көрсетілген әр майлау және қызмет көрсетуді әр маусымның басында және соңында орындаңыз.

Майлау шприцін пайдаланбастан бұрын майлау фитингтерін тазалаңыз. Жоғалған немесе бұзылған фитингтерді бірден ауыстырыңыз. Жаңа фитинг майды қабылдаса, алыңыз және қосылатын бөліктерде ақаулық бар-жоғын тексеріңіз.

OUO1011,0005164 -KK-12JUL01-1/1

Баламалы және синтетикалық майлар

Белгілі бір географиялық аймақтардағы жағдайлар осы нұсқаулықта басылғаннан басқа май ұсыныстарын қажет етуі мүмкін.

Сіз тұратын жерде кейбір John Deere үлгілік суыту сұйықтықтары және майлар болмауы мүмкін.

Ақпарат және ұсыныстар алу үшін John Deere дилерімен хабарласыңыз.

Осы нұсқаулықта көрсетілген өнімділік талаптарына сай болса, синтетикалық майларды пайдалануға болады.

Осы нұсқаулықта көрсетілген температура шектері мен қызмет көрсету аралықтары әдеттегі майларға да, синтетикалық майларға да қатысты.

Аяқталған май өнімділік талаптарына сай болса қайта тазаланған негізгі қоймадағы өнімдерді пайдалануға болады.

DX,ALTER -KK-11APR11-1/1

Майларды араластыру

Жалпы, майдың әр түрлі маркаларын немесе түрлерін араластырмаңыз. Майды жасап шығарушылар белгілі бір техникалық сипаттама және өнімділік талаптарына сай болу үшін майларына присадкалар қосады.

Әр түрлі майларды араластыру осы присадкалардың тиісті қызмет етуіне кедергі келтіруі және май өнімділігін нашарлатуы мүмкін.

Арнайы ақпаратты және ұсыныстарды алу үшін John Deere дилерімен хабарласыңыз.

DX,LUBMIX -KK-18MAR96-1/1

Шынжырлар


Шынжырларға SAE 30 немесе одан ауыр майды артығымен әр 10 сағат сайын жағыңыз.

Шынжырларды дереу жұмыстан кейін, олар әлі жылы кезде майлаңыз. Шынжырдың жарамдылық мерзімін

ұзартатын майдың тиімді енуіне көз жеткізу үшін машинаның бос жүрісте тұруына мүмкіндік беріңіз.

OUO6085,0000170 -KK-29OCT03-1/1

Қажет болғанда қызмет көрсету




1— (Үш қатарлы қатар
жыртушысы) Жинауыш
шынжырын баптау
болттары
Майды қажетінше жағыңыз.

E53833 —UN—29OCT04

OUO6085,0000173 -KK-01NOV04-1/1

Әр 10 сағат сайын қызмет көрсету



1— (Үш қатарлы қатар жыртушысы) Мульти-майлағыш жүйесі
Әр 10 сағат сайын сорап тұтқасын 20 рет

2— (Екі қатарлы қатар жыртушысы) Жинауыш шынжырының шкивтері, пышақ тіреуіші, пышақ жетегі және жинауыш беріліс ролингінің жетек шынжыры


3— Жинауыш шынжырлары- SAE 30 немесе одан ауыр майды дереу жұмыстан кейін, майдың тиімді енуіне көз жеткіу үшін шынжырлар әлі жылы кезде көп мөлшерде жағыңыз. Осы уақытта барлық шынжыр баптауларын тексеру тәжірибесін іске асырыңыз.

4— Қатар жыртушысының негізгі жетек шынжыры (Екі және үш қатарлы қатар жыртушылары) SAE 30 немесе одан ауыр майды дереу жұмыстан кейін, майдың тиімді енуіне көз жеткіу үшін шынжыр әлі жылы кезде көп мөлшерде жағыңыз. Осы уақытта шынжыр баптауын тексеру тәжірибесін іске асырыңыз.

OUO6085,0000174 -KK-29OCT03-1/1

E53834 —UN—29OCT04

Әр маусымның 50 сағаты сайын қызмет көрсетіңіз



1— (Екі қатарлы қатар
жыртушысы) Жинауыш
шынжырының жетегі

2— (Екі қатарлы қатар
жыртушысы) Беру ролигінің
жетегі

E53835 —UN—29OCT04

OJ06085,0000175 -KK-29OCT03-1/1

Жинауыш шынжырлар

Белгі	Ақаулық	Шешім
Жинауыш шынжырлары уақыттан тыс	Жинауыш шынжырлары бос	Шынжырлардың уақытын түзеңіз және бекітіңіз
	Шынжырдың астындағы жұлдызша тісінде материал бар	Жұлдызшалар айналасындағы жиналған материалдарды тазалаңыз
	Материал шынжыр жұлдызшасына қарсы жиналады	Бітелген машинаны тазалау үшін қажетінше артқа жүріңіз
	Пышақ бітеледі	Шайқалатын пышақты тазалаңыз және баптаңыз
		Төменгі шектегіштің бапталуын тексеріңіз
	Жинауыш шынжырлары қатты	Шынжырларды майлаңыз
	Белдік науасы материалмен бітеледі	Материалдан тазалау үшін машинаны артқа жүргізіңіз
		Шайқалатын пышақтың орнатылуы мен күйін тексеріңіз
	Жинауыш шынжырының жұлдызшасы уақыттан тыс	Уақытын түзеңіз
	Шкив тіреуі бос	Болттарды бекітіңіз немесе ауыстырыңыз
Материал жинауыш шынжырларынан шығуда	Жинауыш шынжырының шкивіндегі мойынтірек ақаулығы	John Deere дилерімен хабарласыңыз
	Құлаған немесе жатқан егін	Жатқан егінде қаттырақ шынжыр баптауын қолданыңыз
		Төменгі шектегішті баптау
	Жинауыш шынжырлары бос	Жинауыш шынжырларын баптаңыз
	Жинауыш шынжырлары уақыттан тыс	Жинауыш шынжырларының уақытын реттеңіз
Жинауыш шынжырының жарамдылық мерзімі қысқа	Жинауыш шынжырларының белдік берілісі тозған және/немесе бұзылған	Белдік берілісін ауыстыру - резеңке шығыңқы жөндеу жинағын алу үшін John Deere дилеріне хабарласыңыз
	Жинауыш шынжыры жүйелі түрде майланбайды	SAE 30 немесе ауырлау маймен майлаңыз
	Жинауыш шынжыры тым қатты	Жинауыш шынжырын баптаңыз

Белгі	Ақаулық	Шешім
	Ескі жұлдызшаларды жаңа жинауыш шынжырымен пайдалану	Тозып кетсе жұлдызшаларды ауыстырыңыз
	Белдік науасы немесе жұлдызшалар материалмен бітеледі	Науа сыртындағы немесе жұлдызшалар айналасындағы жиналған материалдарды тазалаңыз. Пышақ аралығын баптаңыз
Жинауыш белдігінің жарамдылық мерзімі қысқа	Белдік жолында материалдың оралуы	Материалды алыңыз
	Қатарларда тастар немесе бөгде материалдар бар.	Төменгі шектегішті баптау арқылы қатар жыртушысын көтеріңіз
	Жинауыш шынжырының уақыты тиісті түрде реттелмеген	Жинауыш шынжырларының уақытын реттеңіз
	Науада материалдың жиналуы	Науадағы белдіктің астында материалдың жиналуын қараңыз
Науадағы белдіктің астында материалдың жиналуы	Бүйірлік пышақта нашар шайқалу орнатылған	Пышақты баптаңыз
	Зақымдалған пышақтар	Зақымдалған пышақтарды ауыстырыңыз
	Толық пышақ жинағының ұштары төмен қаратылған	Белдікке мүмкіндігіңізше жақын баптаңыз
Жерде тым көп сабақ қалады	Дән шарты үшін жердегі жылдамдық шамадан тыс	Жердегі жылдамдықты азайтыңыз
	Қатар жыртушысы тым жоғары орнатылған	Төменгі шектегішті баптау
	Жүру бағыты жарамсыз	Жүру бағыты кері
	Нүктелер дұрыс бапталмаған	Нүктелерді тігінен және біркелкі баптаңыз
Қатар жыртушысы пышағының кесуі тегіс емес	Пышақ аралығы дұрыс емес	Пышақ аралығын баптаңыз
	Қатар жырту құралындағы пышақ орнатылуы дұрыс емес	Пышақ орнатылуын орнатыңыз
	Өтпейтін немесе тозған пышақтар	Жаңа пышақпен ауыстырыңыз
	Жердегі жылдамдық шамадан тыс	Жердегі жылдамдықты азайтыңыз
	Пышақтар қатарда орталанбаған	Орғышты қатарларға жылжытыңыз
	Хедер тым жоғары орнатылған	Төменгі шектегішті баптау
	Беріліс қорабындағы жетек жұлдызшасы дұрыс емес	Жұлдызшаны ауыстырыңыз

Белгі	Ақаулық	Шешім
Сыртқы жинауыш нүктесіне тік тұрған егін кедергі болады	Егілген қатарларды жинамайды	Қатарларды егілген реті бойынша орыңыз. Ол қатармен жүруді оңайлатады, бітелуді азайтады және дәннің жоғалуын болдырмайды
Тіл мен егін ору құралы тасымалдау күйінде бір-біріне тиеді	Ұзын тілмен тілді құлыптау болты және қабаты пайдаланылмайды (3950, 3960 және 3970 егін орғыштары) Тіл цилиндрі штогының тарту сақинасының істігі тілде дұрыс орналастырылмаған (4720 егін орғышы)	Құлыптау болтының қабатын орнатыңыз Тіл цилиндрі штогының тарту сақинасының істігін тілдің дұрыс саңылауына орнатыңыз
Трактор шинасы егін ору құралының сол жақ бұрылыс нүктесіне тиеді	Үш қатарлы қатар жыртушысымен ұзын тіл пайдаланылмауда (3950, 3960 және 3970 егін орғыштары)	Ұзын тілді орнатыңыз
Бітелу	3950 тракторының мойын толтырғыштары және жоғарғы дән бағыттауыштары орнатылмаған немесе бапталмаған (Үш қатар) Жердегі жылдамдық тым жоғары	Мойын толтырғыштарын және жоғарғы дән бағыттауыштарын орнатыңыз. Тиісті түрде баптаңыз Баяулаңыз. Түсім және жол жағдайларына сай жылдамдықпен жүргізіңіз
	Қатар жыртушысы тым төмен орнатылған	Төменгі шектегішті баптау
	Пышақ аралығы тым үлкен	Пышақ аралығын баптаңыз
	Пышақ орнатылуы дұрыс емес	Пышақ орнатылуын баптаңыз
	Сырғу муфтасының сырғуы	Сырғу муфтасын баптаңыз
	Жинауыш шынжыры жинақтарының айналасында зақымдалған металл пластиналар	Жөндеңіз немесе John Deere дилеріне хабарласыңыз.
	Жинауыш шынжырлары бос	Жинауыш шынжырларын баптаңыз
	Шкив тұтқасының тіреуіш кронштейні майысқан	Түзеңіз немесе ауыстырыңыз
	Пышақ қалқанының аралығы тым үлкен	Пышақ қалқанын баптаңыз
	Пышақтар тозған	Пышақтарды ауыстырыңыз
Қуат роликтерінің айналасына материал оралады	Масақ тергішінің аралығы тым үлкен	Масақ тергішін баптаңыз
	Қуат ролигінде астаулар майысқан немесе қисайған	Қабыршақтанған қырларын түзетіңіз және тегістеңіз
	Жатқан және шатасқан материал	Тазалау үшін машинаны артқа жүргізіңіз


Белгі	Ақаулық	Шешім
	Қуат ролигінің жоғарғы тірегі зақымдалған	Қуат ролигінің жоғарғы тірегін түзетіңіз
Жерде бұдырлы орынды қалады	Пышақ орнатылуы дұрыс емес	Пышақ орнатылуын баптаңыз
	Пышақ аралығы тым үлкен	Пышақ аралығын баптаңыз
	Жердегі жылдамдық шамадан тыс	Жердегі жылдамдықты азайтыңыз
	Пышақтар қатарда орталанбаған	Егін орғышын қатарларға ортalandырыңыз
	Егін ору құралы тым жоғары орнатылған	Төменгі шектегішті баптаңыз.
	Пышақтар тозған	Тозған пышақтарды баптаңыз немесе ауыстырыңыз
	Беріліс қорабындағы жетек жұлдызшасы	Қосымша жылдамдықты арттыру жұлдызшасымен ауыстырыңыз (3940, 3950, 3960, 3970)
Егін ору құралы көтерілмейді немесе төмендемейді Егін ору құралы өте жылдам немесе өте баяу тастайды	Егін ору құралының көтерілу құлпы қосылған (Тіркемелі егін орғышы)	Көтерілу құлпын босатыңыз
	Егін ору құралының тастау жылдамдығы бұрандасы бапталмаған	Клапанның тастау жылдамдығын баптаңыз
	Басқару иінітірегінің байланысы бапталмаған	Басқару иінітірегін және байланысты тексеріңіз
Егін ору құралы жерге дейін төмендемейді	Егін ору құралының төменгі шектегіші дұрыс бапталмаған	Төменгі шектегішті баптау
	Қалқу серіппелері дұрыс бапталмаған	Қалқу серіппелерін баптаңыз
	Ауыр режимдегі қалқу серіппелері жеңіл егін ору құралымен пайдаланылуда (Өзі жүретін егін орғыштары)	Дұрыс қалқу серіппелерін орнатыңыз
	Алдыңғы үлкен шиналарда ауа көп (өзі жүретін егін орғыштары)	Шиналардағы ауа қысымын баптаңыз
Егін ору құралдары жерді қазады	Қалқу серіппелері дұрыс бапталмаған	Қалқу серіппелерін баптаңыз
	Төменгі шектегіш тым төмен орнатылған	Төменгі шектегіштің орнатылуын түзетіңіз
ROW-TRAK бағыттауының бір жағы немесе екі жағы жұмыс істемейді, бірақ басқару пультінің тілді орналастыру құралының қосқышы жұмыс істейді (Тіркемелі егін орғыштары)	ROW-TRAK құлыптанды	Құлыптау істігін алыңыз және жұмыс күйіне орнатыңыз
	Қосқыш немесе қатар жыртушысы нүктелеріндегі қосқыштар бұзылған	Ауыстыру

Белгі	Ақаулық	Шешім
Тілді орналастыру құралының қосқыштары автоматты ROW-TRAK басқаруын түзетпейді (Тіркемелі егін орғыштары)	Қатар жыртушысы нүктелеріндегі сымдар бос	Бекемдеу
	Реле бұзылған	Ауыстыру
	ROW-TRAK сымы толығымен енгізілмеген	Егін орғышы және қатар жыртушысы арасындағы байланысты және қатар жыртушысы мен қатар жыртушысының нүктесі арасындағы байланысты тексеріңіз
	Сым бос немесе соленоидте ажыратылған	Байланыстарды тексеріңіз
	Реле бұзылған	Ауыстыру
Қатар жыртушысы қатарларда орталанбайды (Тіркемелі егін орғыштары)	Диод істен шыққан	Ауыстыру
	ROW-TRAK қатар датчиктері дұрыс бапталмаған	Датчик түтігін немесе қосқышын баптаңыз

OUO6059,000141F -KK-07SEP01-5/5

Біріккен дюймдік болт және бұранданың айналдыру моментінің мәндері

TS1671 —UN—01MAY03



Болт немесе бұранданың өлшемі	АИҚ деңгейі 1				АИҚ деңгейі 2 ^a				АИҚ деңгейі 5, 5.1 немесе 5.2				АИҚ деңгейі 8 немесе 8.2			
	Майланған ^b		Құрғақ ^c		Майланған ^b		Құрғақ ^c		Майланған ^b		Құрғақ ^c		Майланған ^b		Құрғақ ^c	
	Нм	фунт-дюйм	Нм	фунт-дюйм	Нм	фунт-дюйм	Нм	фунт-дюйм	Нм	фунт-дюйм	Нм	фунт-дюйм	Нм	фунт-дюйм	Нм	фунт-дюйм
1/4	3.7	33	4.7	42	6	53	7.5	66	9.5	84	12	106	13.5	120	17	150
													Нм	фунт-фут	Нм	фунт-фут
5/16	7.7	68	9.8	86	12	106	15.5	137	19.5	172	25	221	28	20.5	35	26
									Нм	фунт-фут	Нм	фунт-фут				
3/8	13.5	120	17.5	155	22	194	27	240	35	26	44	32.5	49	36	63	46
			Нм	фунт-фут	Нм	фунт-фут	Нм	фунт-фут								
7/16	22	194	28	20.5	35	26	44	32.5	56	41	70	52	80	59	100	74
	Нм	фунт-фут														
1/2	34	25	42	31	53	39	67	49	85	63	110	80	120	88	155	115
9/16	48	35.5	60	45	76	56	95	70	125	92	155	115	175	130	220	165
5/8	67	49	85	63	105	77	135	100	170	125	215	160	240	175	305	225
3/4	120	88	150	110	190	140	240	175	300	220	380	280	425	315	540	400
7/8	190	140	240	175	190	140	240	175	490	360	615	455	690	510	870	640
1	285	210	360	265	285	210	360	265	730	540	920	680	1030	760	1300	960
1-1/8	400	300	510	375	400	300	510	375	910	670	1150	850	1450	1075	1850	1350
1-1/4	570	420	725	535	570	420	725	535	1280	945	1630	1200	2050	1500	2600	1920
1-3/8	750	550	950	700	750	550	950	700	1700	1250	2140	1580	2700	2000	3400	2500
1-1/2	990	730	1250	930	990	730	1250	930	2250	1650	2850	2100	3600	2650	4550	3350

Бекіту мәндері тек жалпы пайдалану үшін яғни болт не бұранданың күшіне байланысты берілген. Егер белгілі қосымшаларға басқа бекіту өлшемі не бекіту үрдісі берілген болса бұл мәндерді ҚОЛДАНБАҢЫЗ. Пластикалық енгізулерге не бүгілген болат гайкаларға, тотбаспайтын болаттан жасалған қысқыштарға не әмбебап болттардағы гайкаларға арналған бекіту нұсқаулықтарына қараңыз. Кесілген болттар жүктеме асып кеткенде бұзылатын етіп жасақталған. Кесілетін болттарды әрқашан бірдей деңгейдегі болттармен ауыстырыңыз.

Қысқыштарды сапасы ұқсас не одан жоғары баламасымен ауыстырыңыз. Егер жоғары деңгейлі қысқыштар пайдаланылса, оның бекіту күші бұрынғысымен бірдей болуы тиіс. Қысқыштардың қосылымдары таза екеніне және оларды дұрыс қолданып жатқаныңызға көз жеткізіңіз. Арнайы бағдарлама үшін берілген нұсқаулықтар болмаса, құлыптау гайкаларынан басқа тегіс немесе қалайы бетті қысқыштарды, доңғалақ болттарды немесе доңғалақ гайкаларын мүмкін болғанда майлаңыз.

^a2-деңгей ұзындығы 6 дюйм (152 мм) дейін жететін алты қырлы бұрандалар үшін (алды қырлы болттар үшін емес) қолданылады. 1-деңгей 6 дюйм (152 мм) дейін ұзын алты қырлы бұрандалар және болттардың барлық басқа түрлері мен көз келген ұзындықты бұрандалар үшін қолданылады.

^b"Майланған" сөзі мотор майы сияқты майлағыш зат жағылған дегенді білдіреді. Қысқыштарға фосфат және май жағылады немесе 7/8 дюйм және үлкенірек қысқыштарға JDM F13C, F13F немесе F13J қалайы үлпегі жағылады.

^c"Құрғақ" сөзі ешбір майлаусыз жай немесе цинк қабаты бар немесе 1/4 - 3/4 дюйм қысқыштарында JDM F13B, F13E немесе F13H цинк үлпегі қабаты бар дегенді білдіреді.

DX,TORQ1 -KK-12JAN11-1/1

Қауіпсіз қызмет көрсету үрдістерін пайдалану


⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Күтпеген жылжудан болатын жеке жарақат алуын болдырмау үшін машинаны тегіс бетте жөндеңіз.

Егер машина тракторға қосылған болса, трактордың тұрақ тежеуішін қосыңыз және/немесе трансмиссияны “Тұрақ” күйіне орнатыңыз, моторды **ӨШІРІҢІЗ** және кілтті шығарыңыз.

Егер машина трактордан ажыратылған болса, жылжуды болдырмау үшін доңғалақтарды бұғаттаңыз.

Машинаға қызмет көрсету немесе баптау алдында:

1. Барлық қуатты өшіріңіз.
2. Трактор моторын **ӨШІРІҢІЗ**.
3. Барлық қозғалатын бөліктер тоқтағанша күтіңіз.
4. Барлық құрамдастарды суытыңыз.



МАҢЫЗДЫ: Электр жүйелеріне қызмет көрсеткен кезде немесе машинада пісірген кезде барлық электрондық құрамдастардың қуат қамтуын ажыратыңыз. Шамадан тыс кернеу электрондық басқару элементтерін зақымдауы мүмкін.

EX,3970P,DA -KK-09NOV98-1/1

E41125—UN—25OCT96

Қызмет көрсету аумағын таза ұстау

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Жеке жарақатты болдырмауға көмектесу үшін қызмет көрсету аймағын таза және құрғақ ұстаңыз. Ылғалды немесе майлы едендер сырғанақ. Ылғалды жерлер электр жабдығымен жұмыс істегенде қауіпті болуы мүмкін.

Бүкіл электр розеткалары және құралдары тиісті түрде жерге қосылғанын тексеріңіз.

Ағымдағы жұмыс үшін тиісті шамды пайдаланыңыз.

Қозғалып жатқанында машинаны ешқашан майламаңыз немесе оған қызмет көрсетпеңіз. Қолдарды, аяқтарды және киімді механикалық бөліктерден ары ұстаңыз. Қысымды босату үшін бүкіл күшті және жұмысты басқару құралдарын өшіріңіз.

Қызмет жұмысы үшін көтеру керек барлық машина элементтерін қауіпсіз тіреңіз.

Жұмысты орындау алдында қызмет үрдісін түсініңіз.

Барлық бөліктерді жақсы және тиісті түрде орнатылған күйде сақтаңыз. Зақымды бірден түзетіңіз. Тозған немесе бұзылған бөлшектерді ауыстырыңыз. Қонған майды немесе қоқыстарды тазалаңыз.

Электр жүйелерін баптау немесе машинада пісіруді жүргізудің алдында трактордың барлық электр сымдарын ажыратыңыз.



OVO1011,0005172 -KK-16JUL01-1/1

TS218—UN—23AUG88

Шиналарға қауіпсіз қызмет көрсету

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Шина және тоғын бөліктерінің жарылып бөлінуі қатты зақымға немесе өлімге әкелуі мүмкін.


Жұмысты орындау үшін тиісті жабдық және тәжірибе болмаса, шинаны бекітуге әрекеттенбеңіз.

Өрқашан дұрыс шина қысымын сақтаңыз. Шиналарды ұсынылған қысымнан жоғары үрлемеңіз.

Доңғалақ және шина жинағын ешқашан пісірмеңіз немесе қыздырмаңыз. Қыздыру ауа қысымын арттырып, шинаның жарылуына әкелуі мүмкін. Пісіру доңғалақтың құрылымын әлсіздендіруі немесе деформациялауы мүмкін.

Шиналарды үрлегенде, шина жинағының алдында немесе үстінде ЕМЕС, ал шетінде тұруға мүмкіндік беретін қысқыш патронды және жеткілікті ұзын қосымша шлангіні пайдаланыңыз. Бар болса, қауіпсіздік торын пайдаланыңыз.

Доңғалақтарда төмен қысымды, кесіктерді, көтерілулерді, зақымдалған тоғындарды немесе жоқ болттарды және бұрандаларды тексеріңіз.



TS211 — JUN—23AUG88

DX,RIM1 -KK-27OCT08-1/1

Егін ору құралының негізгі жетек шынжырын баптау

Шкив төменгі тарауда 1/4 - 1 дюйм (6 - 25 мм) “еркін қозғалыс” беретіндей орналастыру арқылы негізгі жетек шынжырын баптаңыз.

OUC6059,0001421 -KK-07SEP01-1/1

Пышақ мойынтіректерін ауыстыру

Пышақ шарнирінің мойынтірегі жинағы алдын ала бапталған мойынтіректер мен қабарттардың іріктелген

жинағы болып табылады. Жинақтың кез келген бөлігін ауыстыру ұсынылмайды. Жаңа іріктелген мойынтірек жинағын алу үшін John Deere дилеріне хабарласыңыз.


OUC6059,0001422 -KK-01NOV04-1/1

Пышақ аралығын баптау

1. Қысқыш болтын (А) босатыңыз және баптау болтын (В) шайқалатын пышақтың (С) артқы жағы бүйірлік пышақтарға (D) СӘЛ тиіп тұратындай етіп бекітіңіз.

А—Қысқыш болт
В—Баптау болты

С—Шайқалатын пышақ
D—Бүйірлік пышақтар




E26985 —UN—07NOV89

OUC6059,0001423 -KK-01NOV04-1/2

2. Пышақтың ұшын баптау үшін орнату бұрандасын (А) пайдаланыңыз. Максималды баптау - 0,015 дюйм (0,38 мм).
3. Егер ұшы баптаудан кейін тимей тұрса, бүйірлік пышақтардың арасына қайта қабат салыңыз.
4. Қысқыш болтын (В) 85 фунт-фут (115 Н·м) және баптау болтын (С) 40 фунт-фут (55 Н·м) айналдыру моментіне бекітіңіз.
5. Бапталуын тексеру үшін доңғалақ топсаны (D) ажыратыңыз. Егер шайқалатын пышақтың құймасы (E) бір қолмен жылжытылмаса ол жер шамадан тыс тиіп тұр.
6. Доңғалақ топсаны 40 фунт-фут (54 Н·м) айналдыру моментіне бекітіңіз.
7. Балғаның көмегімен доңғалақ топсаның жанындағы құйманы ақырындап ұрыңыз және доңғалақ топсаның құймада орныққандығын тексеру үшін қайта бекітіңіз.

А—Орнату бұрандасы
В—Қысқыш болт
С—Баптау болты

D—Доңғалақ топса
E—Шайқалатын пышақ
құймасы



E26986 —UN—07NOV89

OUC6059,0001423 -KK-01NOV04-2/2

Сырғу муфтасын баптау


Өлшемінің ұзындығы (А) 2-1/8 дюйм (54 мм) болған кезде жаңа сырғу муфтасы дұрыс бапталған болады.

1. Құлыптау гайкасын (В) босатыңыз.
2. Серіппенің дұрыс өлшеміне (А) қол жеткенше баптау гайкасын (С) бұраңыз.
3. Контргайкаларды (В) қайта бекітіңіз.

А—Өлшемі, 2-1/8 дюйм (54 мм)

С—Баптау гайкасы

В—Құлыптау гайкасы




E26987—UN—07NOV89

OUC6085,0000178 -KK-01NOV04-1/1

Жинауыш белдіктерін ауыстыру

Жинауыш белдігін 2 қабатты резеңке жөндеу матасын ауыстыру арқылы жөндеуге болады. Матаның екі резеңке жағы бар, бір жағы екіншісінен қалың. Қалыңдау жағын (А) шынжырдан аулақ орнатыңыз (ол дөңге тиетіндей).


А—Белдіктер



E22984—UN—24APR89

OUC6085,0000179 -KK-30OCT03-1/2

Жинауыш белдіктерінің уақытын реттеу үшін жинауыш белдігін сол жақ белдіктегі шығыңқы тіркемесінің байланыстары оң жақ белдіктің шығыңқы тіркемесінің байланысының арасында жартылай орналасқанша орнатыңыз. Көрсеткілер тең қашықтықты көрсетеді.



